КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 20 ақпан №4712-25-00-2/366 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Гулжазира» басшысы Гулжазира Сарсембаевна Нурманова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық мекемесі талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Гулжазира» басшысы Гулжазира Сарсембаевна Нурманова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Гулжазира» басшысы Гулжазира Сарсембаевна Нурмановадан Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық мекемесінің пайдасына 28 140 теңге (жиырма сегіз мың бір жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыбы және 844 (сегіз жүз қырық төрт) теңге

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Гулжазира» басшысы Гулжазира Сарсембаевна Нурмановадан мемлекеттің пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін,

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 20.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

4712-25-3-1/270